

Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 30/273-VIII шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 20.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-6) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 20 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы мәслихатының төрағасы

Б. Нарымбетов

Шымкент қаласы мәслихатының
2025 жылғы 28 қарашадағы
№ 30/273-VIII шешіміне
қосымша

Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлері	Жалдау ақысының мөлшерлемелері 1 шаршы метрге айлық есептік көрсеткіштерінде (ай сайын)
Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері	1,0
Археология ескерткіштері, ансамбльдер мен кешендер, киелі объектілер	0,8
Монументтік өнер құрылыстары	1,0

Ескерту: Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемелері жалдау ақысының мөлшерлемелерін жалдауға алынатын алаңның шаршы метрдегі көлеміне көбейту жолымен шығарылады.